

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы  
**«ЖАҢА ДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**  
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**I БӨЛІМ**

25 мамыр 2016 ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной научной конференции молодых ученых  
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО  
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**  
под эгидой IX Астанинского экономического форума

**ЧАСТЬ I**

25 мая 2016 г.

**PROCEEDINGS**

of the international scientific conference of young scholars  
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC  
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**  
in the framework of the IX Astana Economic Forum

**PART I**

25 May 2016

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431  
Ж 28

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,  
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.  
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.  
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.  
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.  
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.  
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.  
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент  
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

**Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері:** Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

**Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации:** Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

**ISBN 978-9965-31-762-0**

**ISBN 978-9965-31-762-0**

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)

ББК 65.9(5Қаз)-551я431

3. <http://yvision.kz/post/427839>

4. <http://dppzhambyl.gov.kz/kz/state/phi>

5. Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. //«Егемен Қазақстан», 15 желтоқсан 2012 жыл.

## ҚОҒАМДАҒЫ ҮЙЛЕСІМДІЛІК ПЕН БИЗНЕСТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІҢ ФАКТОРЛАРЫ РЕТІНДЕ

*Молдашов Н.О., Досмағанбетов Н.С.*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: NOMMON@mail.ru., Dosmnurlan@yandex.ru

Қоғамдағы үйлесімділік – әлеуметтік-экономикалық жүйенің дүние құрылысы мен адамның болмысын олардың ішкі елеулі байланысы, тәртіптілігі және бір шамалық тұрғысынан ой елегінен өткізуге бағдарланған рухани, мәдени ұстаным. Үйлесімділіктің түпкі мәні – жеке тұлғалар мен әлеуметтің материалдық рухани қажеттіліктерінің арақатынастары, және олардың қанағаттану деңгейі блса, мақсаты- экономикалық өсімге жағдай жасау.

Қоғамдық жүйе үйлесімділігінің құрылымы ұғымын нақтылауда адамзат танымының қол жеткен деңгейі тұрғысынан қоғамдық жүйенің мәнді («көзге көрінерлік қатардан»), тиянақты, неғұрлым маңызды қосындыларын:

- Саясат;
- Экономика;
- Демография;
- Рухани сала құрайтынын атап көрсеткен жөн [1].

Үйлесімді экономика деп тек қоғамның жоғары руханилығы мен өнегелілігі негізінде әлеуметтегі жеке-дара тұлғалардың шектеусіз көпшілігінің орынды материалдық қажеттерінің бүкіл қырларын – жұмсалған еңбегіне орай, байлықты үсті-үстіне қорландыра бермей және қайыршылықты қоздата түспей, нысапты шамада қанағаттандыра алатын, баяу қалыпта және тұрақты дамитын экономиканы ғана түсуніге болады.

Адамзат тарихының дамуында экономикалық өсімге қол жеткізу үшін қоғамдағы бизнестің жауапкершілігі мен қоғамдағы үйлесімдіктің маңыздылығы құндылықтылығы жоғарылап отыр. Қоғамда тыныштық орнату, тұрақтылық пен тепе-теңдікті қалыптастыру әрқашан өзекті және маңызды мәселе. Осыған байланысты экономист ғалымдар нарықта, экономикалық жүйеде қандай механизмдер мен жолдарды қолдану арқылы үйлесімділік орнатуға ерекше назар аудара бастады.

К.Маркс көтерген маңызды мәселе меншікті «жатсыну» болып табылады. К.Маркстың пайымдауынша, адамдар табиғатынан еркін, үйірсек және жасампаздыққа бейім. Алайда, адамның табиғи мүмкіндіктерінің көрінуіне кедергі болатын белгілі бір тарихи жағдайлар туатын болса, онда олар табиғи бейімділіктерінен айырылып қалады. Мұндай парасаттан жұрдай қылатын жағдайлар қоғамдағы барлық топтар тарапынан болады, атап айтқанда, қазіргі капитализм көптеген адамдарды тәуелді етіп, оларды қанап, экономикалық механизмнің жатсынған бөлшегіне айналдырып жіберді [2]. Өз еңбегін және оның өнімін бақылаудан шеттетілген жұмысшы оны жатсына бастайды. К.Маркс атап кеткендей, жұмысшы еңбек үрдісінде өзін орнықтыра алмайды. Керісінше, өзін жоққа шығарып, өзін бақытты емес, бақытсыз санайды. Бұл еңбек - дене және ақыл-ой күштерінің еркін қалыптасуы емес, бейнелей айтқанда қаны мен сүйегін жансыздандыру және сананы бұзу. Сонымен, жатсыну шығармашылықтың жоқтығының күшеюіне, өзімшілдіктің артуына,

әрекеттерді бақылаудан (енжарлық), дербестіктен бас тартуына барабар. Адам табиғатының мәні жоғалып, үйлесімділік жойылады нәтижесінде экономикалық өсім болмайды.

Әлемнің тұрақты даму мен халықаралық ынтымақтастықтың орнатылуы қоғамның әр саласында үйлесімділіктің қалыптасуына жағдай жасайды. Соның ішінде гармонизация құқықтардың унификациясының құралы ретінде қарастырылып келді. Еуропалық ғалымдар адам құқықтарын реттеуші нормалар мен әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастар арқылы үйлесімділік орнату мәселесін зерттеді. Штэйн ұлттық құқық нормалары арасындағы айырмашылықтарды жақындасу арқылы жоюға болатынын қарастырды. Ол гармонизация көмегімен құқық унификациясын тудырып, заңнама бірлігі деңгейіне жету мүмкіндігін атап өтті. Штэйн өзінің еңбегінде ұлттық компанияның құқықтарының трансұлттық деңгейде үйлесімділігін зерттеген. Ғалым Ұлыбритания және Солтүстік Кеңес (Скандинавия елдері) ынтымақтастық келісімдерін салыстыра, талдай келе, континентальді еуропалық елдер үшін бірыңғай келісімге келуді ұсынды. Оның жағымды жағы орталықтандырылған мүдделер орнату мен ортақ шешімдерге келу болса, теріс жағы бұл келісімнің компаниялардың ұтқырлығына координация жасауында ғана, яғни келісімнің бұдан басқа маңызды шешім қабылдауға күші жоқ [3].

Қазіргі таңда мемлекеттерде жүзеге асып келе жатқан әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси терең өзгерістер қоғамның қайта әлеуметтенуіне (ресоциализация) алып келді. Әлеуметтанушы ғалымдар бұл мәселеге ерекше назар аудару қажеттігін атап өтуде. Себебі қайта әлеуметтену жеке тұлғаның идеологиялық көзқарастарының өзгеруіне, бұрын норма ретінде қабылданған әрекеттердің қайта қарастыру қажеттігіне алып келеді. Нәтижесінде, тұлғаның құндылықтарының өзгеруі туындайды.

Әлемнің барлық елдері бірдей динамикамен бір уақытта тең дәрежеде дамуы, өркендеуі мүмкін емес. Әр аумақтың тең емес экономикалық даму заңдылығы кездесетіні белгілі. Бұл теңсіздіктер қоғам мен мемлекеттің келешекке қойған мақсаттарына тікелей байланысты:

- Экономиканы рухани жағдайлармен байланыстырып дамыту;
- Нарықтық экономиканы дамыту;
- Экономикалық өсуге қол жеткізу үшін рухани, демографиялық, экономикалық және саяси жағдайлар қолдану.

Қоғамның үйлесімділігі мен экономиканың өсіміне кәсіпкерліктің, оның ішінде кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігі өте маңызды. Заманауи дүниедегі корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті тек қайырымдылық ретінде ғана қабылдап қоймай, сонымен бірге компанияның іскерлік беделі мен капиталдануын арттыратын тиімді қызмет ретінде қарастырған жөн. Бұл бизнестің қоғам дамуына қосқан ерікті үлесі, оның болашаққа саналы түрде салған инвестициясы.

Алғашқы кезеңде «әлеуметтік» саналатын жауапкершілік көбінесе кәсіпорындардың экономикалық жауапкершілігімен, яғни ұйымдардың іскерлік қызметтерін жүзеге асыру мен рентабельділікке қол жеткізу тетігі ретінде қарастырылды. Бұл көзқарасты ұстанған атақты ғалым М.Фридман «әлеуметтік» ұғымына күмәнмен қарап, оны социализммен байланыстырды [4].

Фридманның тұжырымдамасын жалғастырушы ретінде менеджменттің атақты теоретигі М.Портерді жатқызуға болады. Алайда, М.Портер жауапкершілікті кеңінен қарастырып, оған этика және адалдық кейіпінде моральді жауапкершілік ұғымын енгізді. Ғалымның пікірінше, бизнес әлеуметтік бастамалардың алдын ала интеграциясы жағындағы қорғау шараларынан бизнестің бәсекелік стратегиясына өтуі керек. Бизнес экономиканың қозғаушы күші саналады, оған ақша үкіметтен емес, бизнестен түседі. Осыған байланысты, М.Портер бизнестің барлық әлеуметтік проблемаларды шешуі міндетті емес, тек аса маңызды операцияларды орындауы қажет деп санайды [5].

Біздің пікіріміз бойынша бизнестің әлеуметтік жауапкершілігіне жалпы алғанда төмендегілерді жатқызуға болады: қызметкерлер еңбегінің қауіпсіздігі жағдайларын жасау жұмысы; тұрақты жалақыны қамтамасыз ету, сондай-ақ оны инфляция жағдайында

индекстеу және уақытылы төлеу; қызметкерлерді қосымша медициналық және әлеуметтік сақтандыру бағдарламаларын пайдалану; оқыту бағдарламалары мен мамандыққа даярлау және біліктілікті арттыру бағдарламалары арқылы адами ресурстарды дамыту; қиын жағдайда кәсіпорын қызметкерлеріне көмек көрсету және зейнетке шыққан ардагерлерді қолдау және т.б.

Елімізде ірі, орта және шағын бизнес өкілдері қызметінің әлеуметтік жауапкершілікпен қамтылуы бойынша мемлекеттік деңгейде бірқатар іс-шаралар орындалып келеді. Мысалы, 2015 жылдың сәуір айындағы Әлеуметтік серіктестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссияның отырысында Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бойынша ұлттық тұжырымдама талқыланып қабылданды. Оның алғашқы жобасы «Атамекен» Одағы» ҚҰЭП және «Орта Азия Еуразия қоры» корпоративтік қорымен 2013 жылы әзірленген. Кәсіпкерлердің ұлттық палатасы 2014 жылғы қарашада тұжырымдама жобасын ұсынған соң, жоба түзетуге жіберілген. Тұжырымдаманың басты мақсаты – өз кезегінде қоғамдағы, сондай-ақ, мекеме ішіндегі экономикалық, әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешуге жәрдемдесетін бизнесті жауапкершілікпен жүргізу моделін қалыптастыру. Әлеуметтік жауапкершілік элементтерін енгізу кәсіпорын және жұмыс беруші үшін нақты басымдықтар әкеледі. Тұжырымдамаға әлеуметтік жауапкершіліктің 7 сұрағы енгізілді: адамдардың құқығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау, тұтынушылардың мүдделерін сақтау, адал ресми тәжірибе, корпоративті басқару, қауымдастықтар өмірі мен дамуына атсалысу. Сонымен қатар, Қазақстанда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін дамыту мақсатында «Алтын Сапа», «Парыз» сияқты байқаулар ұйымдастырылып келеді.

Әрине, өркендеу заманында әлеуметтік жауапкершілікті алудың маңызы зор, және бұл тұрғыда Қазақстанның кәсіпорындарының корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігінің келешегі мен әлеуеті байқалады. Дегенмен, оларды жетілдіру және жандандыру мақсатында, негізгі төмендегі проблемалар тобын бөліп қарастыруымыз қажет:

1. Ең алдымен, қоғамдық үйлесімділік үрдісіндегі әлеуметтік жауапкершіліктің алатын орны. Отандық кәсіпорындарды, әсіресе, шағын бизнес өкілдерін әлеуметтік жауапкершілік қағидалары мен маңызы туралы ақпараттық, үгіт-насихаттық жұмыстың жетіспеушілігі. Көптеген кәсіпорындар бұл үрдісті мемлекет тарапынан немесе ірі кәсіпорын иелері жағынан орындалуы тиісті шаралар ретінде көреді. Сол себепті, атқарылып келе жатқан жұмыстар, олардың нәтижелері, әлеуметтік жауапкершілік пайдалығы, қоғам мен экономика үйлесімділігін орнатудағы мәні мен мазмұнын таныстыру, ақпараттандыру жөнінде ерекше мән беру қажет.

2. Азаматтық сектор, бизнес және мемлекет арасындағы жүйелі, үйлесімді қатынастарды орнату. Мемлекет тұрғысынан нормативтік заңнамалық құжаттарды реттестіру, салықтық және инвестициялық жеңілдіктер ұсыну, тиісті мониторинг өткізудегі кедергілерді жою қажет. Бұл тұрғыда бірқатар іс-шаралар орындалып келеді, алайда кейбір кәсіпорын иелерінің әлеуметтік жауапкершілікті алу бастамасынан кетуіне, жергілікті билікпен формальді түрде серіктестікте болуына, тиісті есеп және қаражат бөлуді шектеуге жол бермеу керек.

3. Қоғамның пассивтілігі және сенімсіздік. Еліміздің азаматтық қоғам жағынан бизнес өкілдеріне деген сенімнің аздығы олардың әлеуметтік жауапкершілік бойынша іс-шараларының белсенділігі мен нәтижелілігіне тікелей әсер етеді. Ұйымдар қоғам деңгейінде күтімдерді ақтап, моральдік борышын атқаруы қажет. Осы тұрғыда сыбайлас жемқорлық, моральді жауапкершіліктен кету сияқты кедергілерге назар аударған жөн.

Қазіргі таңда мемлекет, азаматтық сектор және бизнестің қарым-қатынастар жүйесі үйлесімді өзара қатынас және жаңа жүйелерді әзірлеу қажеттілігімен сипатталады, оған барлық өзара әрекеттесуші жақтардың мүдделерін, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті жатқызуға болады. Бизнес пен қоғамның өзара әрекеттестігі тетігін құру елдің алдағы жалпы экономикалық дамуына қажетті және маңызды қадамы болып табылады. Сондықтан корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті елемей немесе қолданысқа енгізбей

жалпы бизнес пен әлеуметтік сала үшін кері жағымсыз салдарына әкелуі мүмкін. Экономикалық дамудың қазіргі таңда жаңа әлеуметтік экономикаға өзгеру құбылысы – адамзат үшін маңызды шаралардың бірі, ол әлеуметтік-экономикалық жүйелердің өзара үйлесімділікте әрекет етуіне мүмкіндік туғызады және экономикалық өсімге қол жеткізеді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Баймұратов О. Қоғам мен экономика гармониясы (әлемдік парадигма). Оқу құралы – Алматы: «Экономика», 2013. -456б.
2. Горозия В.Е. Проблема отчуждения человека в учении Карла Маркса. «Человек. Государство. Глобализация» Выпуск 3, Сборник философских статей. Под ред. В.В. Парцвания Санкт-Петербург: Санкт-Петербургское философское общество, 2005-с.98-117.
3. Eric Stein. Harmonization of european company laws// <http://scholarship.law.duke.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=3367&context=lcp>
4. Роджер Мартин. Как переспорить Милтона Фридмана// <http://hbr-russia.ru/biznes-i-obshchestvo/sotsialnaya-otvetstvennost/p13945/>
5. Денисов А. Э. Формирование корпоративной социальной стратегии: основные принципы и инструменты. Проблемы современной экономики, N 2 (46), 2013-Стр: 54 – 58// <http://www.m-economy.ru/art.php?nArtId=4520>

### **НОВОЕ ИНДУСТРИАЛЬНОЕ ОБЩЕСТВО И ВЫСШЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ**

#### ***Ханон Барабанер***

академик Международной академии наук высшей школы (МАН ВШ), академик Российской академии естественных наук (РАЕН), Международный научный эксперт Британской академии наук и высшей школы (БАН и ВШ), член Международного союза экономистов

Анализ состояния мировой экономики за последнее десятилетие позволяет утверждать, что в эти годы в ряде развитых стран (прежде всего в США и в других странах Севера и Центра, в странах так называемого «золотого миллиарда») весьма активно проходил процесс деиндустриализации, с переносом материального производства в страны периферии.

К сожалению, затронул этот процесс деиндустриализации и страны, статуировавшие свою независимость после распада СССР.

Основополагающей базой этого процесса явились теории «информационного общества», «информационной экономики», «общество знаний» и шире «постиндустриального общества». Идеологической основой этого процесса, во многом, стали идеи «неолиберализма», постулаты «вашингтонского консенсуса».

Как одно из главных достижений этого процесса предполагалось снижение роли государства, «свободного рынка».

Жизнь оказалась сложнее иллюзий «постмодернистов» и «неолибералов».

При серьёзном научном системном анализе становится всё более очевидным, что мир вошёл в небывалый, долгосрочный и полисистемный кризис, глобальный как по пространственному охвату, так и по глубине последствий. Свою несостоятельность показала финансово-банковская система мира, оторвавшаяся от реальной экономики, действующая практически бесконтрольно, потерявшая национальные ориентиры. Финансовый капитал разорвал пуповину (или почти разорвал), связывающую его с производственным капиталом, с реальной экономикой.

Очевиден кризис существующей системы мировой валюты. Роль мировой валюты сегодня выполняет доллар США. Но одновременно доллар США является национальной валютой.